

## **Талдықорған облысында "Алтынемел" мемлекеттік ұлттық табиғат паркін ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 10 сәуір N 416

Бірегей табиғат кешендерін, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің сирек, жойылып бара жатқан және ерекше құнды түрлерін сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің және Талдықорған облысы әкімінің Талдықорған облысының аумағында Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің қарамағында "Алтынемел" мемлекеттік ұлттық табиғат паркін ұйымдастыру жөнінде Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігімен - Ғылым академиясымен, басқа мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және өзге де орталық, жергілікті атқарушы органдармен келісілген ұсынысы қабылдансын.

2. "Алтынемел" мемлекеттік ұлттық табиғат паркіне тұрақты жер пайдалануға Кербұлақ ауданының жер пайдаланушыларының жерлерінен 1-қосымшаға сәйкес жалпы көлемі 209553 гектар учаске берілсін.

3. Талдықорған облысының әкімі "Алтынемел" мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің қызметін қамтамасыз ету мақсатында, осы паркті құрудың техникалық-экономикалық негіздемесінде көзделген оның аумақтарын аймақтарға бөлуге орай, 2-қосымшаға сәйкес Кербұлақ және Панфилов аудандарының аралас жер пайдаланушыларының жер учаскелерін паркке мақсатты түрде шектеп пайдалану құқығын беру жөніндегі мәселені қарайтын болсын.

"Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 22 желтоқсанындағы Заң күші бар N 2717 U952717\_ Жарлығына сәйкес парктің жер пайдаланушы мүддесі қозғалған әрбір ұйымдары бойынша тиісті сервитуттарды әзірлеп, бекітсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және биоресурстар министрлігі, Талдықорған облысының әкімі республикалық бағыныстағы мемлекеттік мекеме нысанында жедел басқару құқығы негізінде іс-әрекет ететін, табиғат қорғау, ғылыми және мәдени-ағарту қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға ретінде "Алтынемел" мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің жарғысын әзірлеп, белгіленген тәртіппен бекітетін болсын. Парктің табиғи кешендерін сақтау жөніндегі қажетті режимді, сондай-ақ сервитуттар шартымен аралас жер пайдаланушылардың жер учаскелерін пайдалану тәртібін белгілесін.

5. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру

жөніндегі мемлекеттік комитеті жергілікті жерлерде құрылатын мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің шекараларын белгіленген тәртіппен орнатсын, осы парктің тұрақты жер пайдалану құқығына ұсынылған жер учаскелеріне құжаттарды рәсімдесін.

6. "Алтынемел" мемлекеттік ұлттық табиғат паркін 1996 жылдан бастап ұстауға кететін шығындарды қаржыландыру Қазақстан Республикасының экология және биоресурстар министрлігіне республикалық бюджетте көзделген қаржылар есебінен және соның

шегінде жүргізілсін.

7. "Қапшағай мемлекеттік аңшылық-қорық шаруашылығын ұйымдастыру туралы" Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1982 жылғы 9 желтоқсандағы N 465 қаулысының (ҚазССР ҚЖ, 1982 ж., N 246 102-бап) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 10 сәуірдегі  
N 416 қаулысына  
1 Қосымша

Ұйымдастырылатын "Алтынемел" мемлекеттік ұлттық табиғат паркіне жер учаскелері берілетін Кербұлақ ауданы жер пайдаланушыларының  
Тізбесі

1. Жер учаскелері алып қойылатын жер пайдаланушылардың атауы  
Тұрақты жер пайдалануға берілетін жер учаскелерінің аумағы, гектар (оның ішінде)
  2. Барлығы
  3. Егістік
  4. Көп жылдық екпе ағаштар (бақшалар)
  5. Пішендіктер
  6. Жайылымдар
  7. Сүрекбұтақты екпе ағаштары
  8. Басқа да жер алаптары
-

---

"Басши" ұжымдық ауыл шаруашылығы кәсіпорны	186747	2230	45	1002	167334	6849	9287
Қапшағай мемлекеттік аңшылық-қорық шаруашылығы	22806	-	-	-	9383	-	13423
оның ішінде:							
Алматы мемлекеттік қорығының бұрынғы учаскесі	18306	-	-	-	9383	-	8923
Малды жартылай ерікті ұстау жөніндегі питомник (құландық)	4500	-	-	-	-	-	4500
Барлығы	209553	2230	45	1002	176717	6849	22710

---

Қазақстан Республикасы  
 Үкіметінің  
 1996 жылғы 10 сәуірдегі  
 N 416 қаулысына  
 2 Қосымша

Ұйымдастырылатын "Алтынемел" мемлекеттік ұлттық табиғат паркінің аумағын аймаққа бөлуге сәйкес жер учаскелерінде түрлі дәрежедегі шаруашылық қызметтерінің шектелуі көзделген Кербұлақ және Панфилов аудандары жер пайдаланушыларының  
 Тізбесі

1. Жер учаскелері сервитуттар шартымен пайдаланылуы мүмкін жер пайдаланушылар атауы  
 Жер учаскелерінің аумағы, гектар (оның ішінде)
2. Барлығы
3. Ауыл шаруашылығы алаптары
4. Басқа да жер алаптары

"Қарашок" ұжымдық ауыл шаруашылығы кәсіпорны	16000	13600	2400	
Аманкелді атындағы ұжымшар		37000	20000	17000
Шоқан атындағы ұжымшар		14880	13392	1488
Өмірбековтің шаруа қожалығы		2400	2400	-
"Қазгидрометтің" метобекеті		4	-	4
Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті		20	-	20
Басши ауылдық (селолық) округі әкімінің қарамағындағы елді мекендердің жерлері	27103	26638	465	
Панфилов орман-аңшылық кәсіпорнының жерлеріндегі ұзақ мерзімге пайдаланудағы "Басши" ұжымдық ауыл шаруашылығы кәсіпорнының жерлері	8267	3603	4664	
<hr/>				
Аудан бойынша қорытындысы		105674	79633	26041

#### Панфилов ауданы

"Айдарлы" ұжымшары	65400	48380	17020	
оның ішінде:				
Панфилов орман-аңшылық кәсіпорнының жерлеріндегі ұзақ мерзімге пайдаланудағы	34739	27798	6941	
"Қоңырөлең" агроөнеркәсіптік кооперативтік кәсіпорны	79000	63200	15800	
<hr/>				
Аудан бойынша қорытындысы		144400	111580	32820
<hr/>				
Облыс бойынша барлығы		250074	191213	58861

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК